



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55 66 31, 55 66 37, факс: 55 72 94

№
22. 02. 2019 02

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55 66 31, 55-66 37, факс: 55 72 94

Тұрақты комиссияның
2019 жылғы 22
ақпандығы қаулысы

«Аутистік белгілері бар, ерекше
қажеттіліктері бар балалар мен
жетімдерді қолдау жөніндегі
қоғамдық қордың» Астана
қаласының мәслихатына
жазған өтініші туралы

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қалалық басқамалардың «Аутистік белгілері бар, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жетімдерді қолдау жөніндегі қоғамдық қордың» Астана қаласының мәслихатына жазған өтініші туралы» ақпаратты тыңдалап, талқылай отыра, қалалық атқарушы органдар эмоционалды-ерік аясының бұзылулары бар (аутизм) балаларға кешенді көмек көрсету жөнінде қолайлы жағдай жасау бойынша шаралар қабылданған анықтады.

Бірыңғай деректер базасы құрылды, онда 0-ден 18 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар 7557 бала тіркелген. 0 жастан 3 жасқа дейінгі балалар-615, оның ішінде тек 111 ғана медициналық мекемелерде есепке тұрған және өз жасына байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда оқумен қамтылмайды.

3 жастан 18 жасқадейінерекшебілім беру қажеттілігі бар 6942 бала тіркелген. Оның ішінде білім беру ұйымдарында – 6523 бала оқытуға жатады, 419 – оқытуға жатпайды, бірақ Қоғамдық денсаулық сактау басқармасы мен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жанындағы ұйымдарда оңалтудан және әлеуметтік бейімделуден өтеді.

2016-2019 жылдарға арналған Білім және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасының іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектепке дейінгі мекемелерге 3320 бала, жалпы білім беретін мектептерге – 2439 бала барады. 633 бала 2 арнайы мектепте оқумен қамтылған. 196 студент колледждерде оқиды.

Эмоционалды-ерік аясының бұзылулары бар балаларды түзету және оңалту бойынша жоспарлы жұмысты ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта мектепке дейінгі жастағы балалар үшін мемлекеттік арнайы 2 балабақша жұмыс істейді: № 23 "Алтын бесік" көру қабілеті бұзылған балалар үшін 73 баланы қамтиды, № 64 "Асыл бәбек" арнайы балалар бақшасы "тірек-қымыл аппараты бұзылған балалар үшін 173 баланы қамтиды. Қосымша аутистік белгілері бар мектеп жасына дейінгі балалар үшін топ ашылды.

13 күндік жалпы білім беретін мектептердің базасында инклюзивті оқытуды қолдау бойынша ресурстық кабинеттер жұмыс істейді, оның 10-ында түзету көмегі көрсетіледі. 6 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті және 2 оңалту орталықтары базасында аутист балаларды оңалту және әлеуметтік бейімдеу тар мамандармен (психолог, дефектолог, логонед, сурдопедагог, тифлопедагог) жүргізіледі.

Мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі және орта білім беру үйімдарында балаларды қаржыландыру жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде іске асырылады. Мектепке дейінгі және орта білім берудің жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Әдістемеге сәйкес есептеледі. 2019 жылға жан басына қаржыландыру бойынша орта білім беруді жалпы қаржыландыру – 36,6 млрд.тенгені, оның ішінде республикалық бюджеттен – 7,8 млрд. тенгені, мектепке дейінгі білім беруді жергілікті бюджеттен қаржыландыру – 309 млн. тенгені құрайды.

Қалада стационар, жартылай стационар және үйде күтім жасау жағдайында аутистік спектрі бұзылған балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік мекемелер желісі құрылды. Қызметтер мемлекеттік мекемелер арқылы да, үкіметтік емес сектор арқылы да көрсетіледі. Орталықтарда ақысyz негізде деффектологтардың, массажистердің, логопедтердің, музыкатотерапияның, монтесоридің, емдік-физиологиялық мәдениеттің, гидро және иппотерапияның арнаулы әлеуметтік қызметтері көрсетіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес үйімдардан арнаулы әлеуметтік қызметтерді сатып алу шеңберінде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру жүзеге асырылуда. Әлеуметтік жобаларды іске асыруға және үкіметтік емес сектор арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге 2019 жылы 214 552 мың теңге бөлінді.

Астана қаласының халқын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспары аясында 2018 жылды Жұмыспен қамту қызметінің көмегімен 678 мүмкіндігі шектеулі адам жұмысқа орналастырылды, 59 адам кәсіптік оқытумен қамтылды. 8 Бос орындар жәрменкесі және 15 шағын жәрменкесе өткізілді, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жұмысқа орналастыру бойынша мақсатты жәрменкелер өткізілді.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған параолимпиялық жаттығу орталығы ашылды. Білікті мамандар топтық және жеке, оның ішінде Бейімделген дене шынықтыру сабактарын жүргізеді. Орталық мүгедек

адамдардың барлық санаттары үшін толық бейімделген. 2018 жылдың қараша айында Параолимпиадалық жаттығу орталығында 2019 жылға арналған мүгедек адамдарға арналған спорт бойынша оқу-жаттығу сабактарын өткізу мәселелерін талқылау бойынша дөңгелек үстел өтті.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қалалық атқарушы органдардың эмоционалды-ерік аясы (аутистік белгілері бар) бұзылған балаларды оңалту үшін жағдай жасау жомпідегі жұмыста елеулі проблемалар бар екендігін анықтады.

Осы диагнозы бар балаларды анықтау өткен жылмен салыстырғанда 30 пайыздан астам өсті.

Осы санаттағы балаларды уақтылы түзету және оңалту және ауруларды ерте анықтау үшін скрининг жоқ.

Аутизмі бар балалардың ата-аналары көптеген проблемаларға тап болады. Бұл емханаларда ерте диагностикалау, мектеп және мектепке дейінгі мекемелерде инклюзивті топтардың болмауы немесе жетіспеушілігі, ерекше балаларды әлеуметтік оңалту мәселелерінің шешілмеуі.

Аутизм диагнозы бар балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық тегін оңалту курсынан өту үшін Оңалту орталықтары мен түзету кабинеттеріне 1 және одан да көп жыл күту қажет.

Егер бала даму нормаларына сәйкес келмесе, тұрғындар мен ата-аналар арасында мамандарға уақытында жүргіну туралы ақпараттық насиҳат жұмыстары жүргізілмейді.

Қалалық басқармалардың үкіметтік емес ұйымдармен және ата-аналар қоғамдастырымен өзара іс-қимылды нашар жолға қойылған.

Сондай-ақ, әлемдік стандарттарға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалауға қабілетті білікті мамандармен даярлау және қамтамасыз ету мәселесі өткір тұр. Қазіргі уақытта қажеттілік жалпы санының 37 пайызын құрайды, оның ішінде логопедтер, дефектологтар, тифлопедагогтар, сурдопедагогтар, олигофренопедагогтар, емдік-физиологиялық мәдениет нұсқауышылары.

Бұдан басқа, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар үшін медициналық кадрларда тапшылық бар – олар психиатр, невропатолог, сурдолог, офтальмолог дәрігерлері.

Ерекше балаларға түзету, әлеуметтік оңалту және көмекті ұйымдастыру мақсатында аутизм, ерекше қажеттіліктері бар және жетім балаларды қолдау жөніндегі "AINAR" қоғамдық қорының базасында Аутизм бойынша ресурстық орталық ашу қажет.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қаулы етті:

1. «Аутистік белгілері бар, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жетімдерді қолдау жөніндегі қоғамдық кордың» Астана қаласының мәслихатына жазған өтініші туралы» ақпарат назарға алынын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-не, «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не инклюзивті білім беру құқықтарын қамтамасыз ету және Аутизм диагнозы бар балалар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді ортаны қалыптастыру мақсатында:

- қаланың мектеп және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде инклюзивті оқыту жөніндегі бағдарламаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

- инклюзия қагидаттарына сәйкес әрбір мектеп және мектепке дейінгі мекемеде ресурстық сыныптарды ашу мүмкіндігін қарастыру;

- әлемдік стандарттарға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалауға қабілсті білікті мамандармен даярлау және қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыру;

- Денсаулық сактау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау мамандарын аутистік спектрі бұзылған балаларды анықтаудың қазіргі заманғы технологияларына оқыту жөніндегі қызметті жетілдіру;

- «Болашақ» корпоративті қорының инклюзивті білім беру үлгісін зерделеу және аутизммен, ментальды және өзге де кемшіліктері бар балаларды инклюзивті оқытуды қамтуды үлғайту мақсатында жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы жобаны қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сактау басқармасы» ММ-не аутистік спектрі бұзылған балаларды уақытында анықтау, ерте диагностикалауды үйімдастыру жөніндегі жұмысты белсендендері ұсынылсын:

4. «Астана қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» ММ-не, «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сактау басқармасы» ММ-мен және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

- аутистік спектрі бұзылған балалардың проблемаларына, оларға достық қарым-қатынасты қалыптастыруға қатысты бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жандандыру;

- мамандар мен ата-аналарға дер кезінде жүгінуді талап ететін баланың ерте дамуының ауыр бұзылыстары туралы аутизм туралы түрғындар мен ата-аналардың хабардар болу деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. «Астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек басқармасы» ММ «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сактау басқармасы» ММ және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ бірлесіп:

-аутизм, ерекше қажеттіліктері бар және жетім балаларды қолдау жөніндегі «AINAR» қоғамдық қорының базасында Аутизм бойынша ресурстық орталық құру мүмкіндігін зерделеу және қарастыру ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Мәдениет және спорт басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

- қаланың спорт ғимараттарының базасында Аутизм және ерекше қажеттіліктері бар балалардың спорттық секциялар мен бассейндерде дайындалатын жаттықтыруышыны ұсына отырып, тегін қол жеткізуін қамтамасыз ету;


- көрсетілген санаттағы балалардың мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескере отырып, фильмдерді тегін бейімдеу үшін, мұражайларға және басқа да мәдени объектілерге бейімдеу үшін белгілі бір уақыт беру ұсынылсын.

7. «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алулар басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» ММ және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірге:

- қала әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі объектілерге (жеке алғанда аула клубтары) тексеру жүргізу және орын-жайларды тиімсіз пайдаланған жағдайда оларды ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мәдени – демалыс қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдарға уақытша тегін негізде беру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік – мәдени дамыту
мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



М. Шайдаров